



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Диалектикалық материализм.
Карл Маркс



Шопенгауэр мен Кьеркегор өздерінің философиялық ізденістерінің бастауын Гегельдің жүйесіне қарсы көзқарастан алды. Алайда гегельшілдіктен ең қатыгез және ең ықпалды бас тарту – Карл Маркстің қарсы шығуы еді, ол өзінің философиялық міндетін «басымен тұрған Гегельді аяғымен тұрғызу» деп сипаттады. Оның пікірінше, Гегельдің диалектикалық идеализмі диалектикалық материализммен алмастырылуы тиіс.

Маркстің әкесі ұлының дүниеге келуіне аз ғана уақыт бұрын, 1816 жылы протестанттықты қабылдаған либералды еврей еді. Жас Маркс Трирдегі мектепте оқыды және бір жыл Бонн университетіндегі заң факультетінде білім ала жүріп, қызу өмір сүрді. Одан соң ол бес жылға Берлин университетіне аттанып, сол жерде ойын-сауықтан бас тартты да, өлең жаза бастады және заң саласынан философияға ауысты. Маркс Берлинге келген кезде Гегель өмірде жоқ еді. Ол Гегель философиясын Жас Гегельшілдер деген атпен танымал солшыл топтың құрамында жүріп зерттеді, бұл топқа Людвиг Фейербах кірді және Бруно Бауэр басқарды. Маркс Гегель мен Бауэрден тарихты диалектикалық үдеріс ретінде қарастыруды үйренді. Геометриялық дәлелдеуге өте ұқсас қатаңдыққа ие үдерістегі іргелі немесе метафизикалық принциптер бойынша, тарихтың әрбір кезеңін оның алдындағы кезең анықтап отырады.

Жас гегельшілдер Гегельдің жатсыну идеясына, яғни адамдар өз болмысының шынайы ажырамас элементтерін өздерінен тыс дүние ретінде қарастыратын күйіне баса мән берді. Гегель өзі ұсынған жатсыну формасы адамдардың ортақ бір Рухтың туындылары бола тұра, бір-біріне тұтас болмыстың элементтері емес, қас бәсекелестер сияқты қарайтынын білдіреді деп атап көрсетеді. Бауэр, әсіресе Фейербах дінді жатсынудың ең жоғарғы формасы деп санады, бұл күйде адамдар, жаратылыстың ең жоғары формасы ретінде, өздерінің өмірі мен санасын қиялдағы жұмаққа, көкке бағыттайды. «Дін дегеніміз – адамның өзін өзінен жаттандыруы», деп жазды Фейербах; «ол Құдайды өзіне қарама-қарсы болмыс ретінде қабылдайды».

Гегель мен Фейербах дінді жалған сананың формасы деп түсінді. Гегельдің пікірінше, ол діни мифтерді идеалистік метафизикаға ауыстыру арқылы түзетілуі тиіс. Алайда Фейербах гегельшілдіктің өзін жатсынудың бір түрі деп санады. Дін адамдардың қоғамдағы күнделікті өмірін табиғи және жағымды тұрғыдан түсінуден алмастырылмауы керек, ол жойылуы тиіс. Маркс діннің жалған сананың формасы екендігімен келісті, бірақ Гегель де, Фейербах та одан бас тартудың тиімсіз жолдарын ұсынды деген пікірде болды. Гегельдің метафизикасы адамды шын мәнінде өзі басқаруға тиіс үдерістің көрермені ретінде ғана қабылдады. Басқа жағынан алғанда, Фейербах Құдай – адамдар құлшылық ететін жалғыз болмыс емес екендігін түсінбеді. Адамдар еңбегінің жаттануының көрінісі болып саналатын ақша анағұрлым маңызды еді. Гегельдің саяси философиясын сынға ала отырып Маркс былай деп жазды: «жекеменшік мемлекеттің негізі болғандықтан, мемлекет те – адамның шынайы табиғатының жаттануының бір көрінісі. Жаттану философиялық ой-толғаныс көмегімен жойылмауы тиіс: мұның бірден-бір жолы – әлеуметтік төңкеріс. «Философтар әлемді түрліше түсіндірді; бірақ басты мәселе – оны өзгерту».

Йена университетінде Демокрит пен Эпикур бойынша диссертациясын қорғап, докторлық дәрежені алған соң, 1842 жылы Маркс Жас гегельшілдер тобынан бас тартып, Кельнге көшті де, саяси журналист ретіндегі мансабына кірісіп кетті. Ол «Жаңа Рейн газеті» атты радикалды газеттің редакторы болып қызмет етті. 1843 жылы ол балалық шағынан танитын әйел – Пруссиялық үкіметте қызметте болған баронның қызы Дженни фон Вестфаленмен неке құрды. Ұлы философтардың арасында сирек кездесетін жағдай – мінезінің ашуланшақ және өктем болғанына қарамастан – Маркс 1881 жылы Дженни дүниеден өткенше, отбасында өте бақытты адам болды. Үйленгеннен кейін көп ұзамай, «Жаңа Рейн газетін» Ресей патшасының қысымымен Пруссия үкіметі жауып тастады.

Маркс отбасымен Парижге қоныс аударып, сонда журналист ретінде жұмысқа орналасты, саяси экономияның ағылшын классикасы курсы оқып, радикалды көзқарасты ұстанатын достар тапты. Олардың арасындағы ең жақыны – Манчестерде әкесінің мақта өндіру кәсіпорнында жұмыс жасап, енді ғана оралған, ағылшын еңбек таптарын зерттеген Фридрих Энгельс еді. Париждегі Де Регенс кафесінде кездескеннен кейін Маркс пен Энгельс жеке меншікті жойып, оның орнына қоғамдық меншік орнататын «коммунизм» теориясын бірлесе құра бастады. Осы екі ер адам бірге жазып шыққан басты еңбек – «Неміс Идеологиясы» еді, бұл туынды Маркс бүлікшіл журналистикасы үшін Парижден қуылған соң қоныс аударған Брюссельде тәмамдалды.



Бұл кітапта Маркс пен Энгельс тарихтың материалистік тұжырымдамасын ұсынады. Сана өмірді емес, өмір сананы қалыптастырады. Тарихтың негізгі нақты шындығы – бұл экономикалық өндірістің үдерісі және оны жете түсіну үшін осы өндірістің материалдық шарттарын ұғынып алу қажет. Өндірістің түрлі тәсілдері әлеуметтік таптардың қалыптасуын, олардың арасындағы қақтығыстарды және, сайып келгенде, саяси өмір, құқық және этиканың сәйкес формаларын тудырады. Мысалы, қол диірмені феодал басқаратын қоғамның пайда болуына себеп болса, бу диірмені өнеркәсіптік капиталист басшылық ететін қоғамды қалыптастырады. Диалектикалық үдеріс әлемді осы екі түрлі кезең арқылы пролетарлық төңкерістің жүзеге асып, коммунизмнің орнауына бастайды.

«Неміс идеологиясы» Маркс дүниеден озғаннан кейін көп жылға дейін жарияланбағанына қарамастан, оның идеялары 1847 жылы жарық көрген «Философияның кедейлігі» еңбегінде жалпылама түрде келтірілген болатын (бұл кітап П.Дж. Прудонның «Кедейлік Философиясы» атты туындысына жауап ретінде жазылды). Тарихтың материалистік тұжырымдамасының бұларға қарағанда танымалдау болған көрінісі – «Коммунистік Манифест», бұл туындыны Маркс 1848 жылдың ақпанында Энгельстің жазбаларына сүйене отырып жазып шықты. Кітапта жақында құрылған Коммунистік Лиганың принциптері мен идеалдары паш етілді. «Манифесттің» үндеуін Энгельс өзінің кейінгі еңбектерінің бірінің алғысөзінде қорытындылады.

Адамзаттың бүкіл тарихы (жерді ортақ меншікте ұстаған қарапайым тайпалық қоғам ыдыраған кезден бері) – таптық күрес, қанаушылар мен қаналушылар, үстем таптар мен езілгендер арасындағы текетірес тарихы; осы таптық күрестің тарихы эволюциялар тізбегін қалыптастырады, қазіргі кезде бұл эволюциялар қаналушы және езілген тап – пролетариат өзін қанаушы және үстемдік етуші тап – буржуазияның билігінен азат болуға қол жеткізуге, сонымен бірге, қоғамды қанаудан, езуден, таптық бөлінулерден және таптық күрестен біржола құтқаруға қол жеткізе алмайтын кезеңге жетті.

«Манифесттің» соңғы танымал сөйлемдері мынадай: «Билеуші таптар коммунистік төңкерістен қорықсын. Пролетарлардың аяғына оратылған бұғаудан басқа, жоғалтатын ештеңесі жоқ. Олар бүкіл әлемге ие болсын. Барлық елдердің жұмысшылары, бірігіңдер!»

«Манифест» жарияланған жылы көптеген қалаларда, соның ішінде Парижде, Берлинде, Миланда және Римде, қарулы көтерілістер орын алды. Маркс пен Энгельс аз ғана уақытқа Германияға оралып, революционерлерді тегін мемлекеттік білім беру жүйесін орнатуға, көлік пен банк ісін мемлекеттік меншікке көшіруге және прогрессивті табыс салығын енгізуге шақырды. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Маркс Кельнде екі рет сотталды, біріншісінде – прокурорға тіл тигізгені үшін жауапқа тартылса, екіншісінде – көтеріліске арандатты деген айып тағылды. Екі бап бойынша да ақталып шыққанымен, ол Пруссия аумағынан қуылды. Маркс қысқа мерзімге Парижге оралғанымен, одан қайтадан қуылды. Өмірінің соңына дейін Маркс Лондонда тұрды, көбіне оның тұрмыстық жағдайы өте ауыр болып, жоқшылықтың азабын шекті, соның кесірінен оның алты баласының үшеуі аштықтан көз жұмды.

Лондонда Маркс диалектикалық материализм теориясын дамыту мақсатында тынбай еңбектенді, оның Британ мұражайының кітапханасында күніне он сағаттан отыратын күндері жиі кездесетін. 1857-1958 жылдың қысында ол осыған дейінгі онжылдықтың экономикалық ойын қорытындылаған кітапшалар топтамасын жазып шықты: олар 1953 жылы «Grundrisse» деген немісше атаумен жарияланғанға дейін әлемге белгісіз болды. Бұл жобаларда ол өзінің 1859 жылы жарық көрген «Саяси Экономияға сынға үлес» еңбегін негіздеп шықты. Оның алғысөзінде тарихтың материалистік теориясы қысқаша және дәлелді түрде баяндалды.

Маркс өмір бойы коммунистік теорияны коммунистік практикамен үйлестіруге ұмтылды. 1864 жылы Жұмысшылардың Халықаралық Ассоциациясының негізін қалауға көмектесті, ол Бірінші Интернационал деген атаумен танымал болды. Бұл ұйым тоғыз жылда алты съезд өткізді, бірақ анархист Михаил Бакунин бастаған ішкі алауыздықтан зардап шегіп, 1870 жылы Парижде орын алған жабайы және қажетсіз көтерілісті қолдағанының кесірінен жаман атаққа қалды. Ассоциация 1876 жылы таратылды.

Маркстің жазушылық мансабының шарықтау шегі – ауқымды «Капитал» еңбегі еді, бұл туынды өндірістік күштер мен қатынастар тарихты қалайша басқарғанын егжей-тегжейлі түсіндіруге арналды. «Капиталдың» бірінші том 1867 жылы Гамбургте жарық көрген болса; екінші және үшінші томдарын 1883 жылы Маркс дүниеден озғаннан кейін Энгельс жариялады. Маркс Хайгейт зиратында әйелінің қасына жерленді.



Маркстың ұлы еңбегінің мазмұны капиталистік жүйенің ақырғы дағдарыс жағдайында тұрғанын баяндайды. Капитализмнің болмысы жұмысшы тапты қанауды көздейді. Себебі кез келген өнімнің нағыз құны оған салынған еңбектің көлемімен байланысты. Бірақ капиталист бұл табыстың бір бөлігін өзі иемденіп, жұмысшыға осы өнімнің шынайы құнынан біршама аз қаржы төлейді. Технологияның дамуы, онымен бірге өнімділік артқан сайын, еңбектің арқасында табылатын байлықтың барған сайын ұлғаятын көлемі капиталистің қалтасына кетіп жатады. Мұндай қанау түбінде пролетариат оны төзгісіз деп санап, көтеріліске шығатын күйге міндетті түрде жетеді. Капиталистік жүйе пролетариаттың диктатурасына ауысып, ол жеке меншік жойылып, өндіріс құралдары толығымен орталықтандырылған мемлекеттік бақылауда болатын социалистік мемлекет құрады. Алайда социалистік мемлекет, өз кезегінде, күйреп, жеке адамның мүдделері қоғам мүдделерімен үндесетін коммунистік қоғамға ұласады.

Бақытымызға орай, Маркстың пролетарлық революцияға және оған ұласатын социализм мен коммунизмге байланысты болжамдарын ол қайтыс болғаннан кейінгі тарих барысы жоққа шығарды. Оның пайымдары қандай болса да, теорияларының сипаты, шын мәнінде, ғылыми дегеннен гөрі, философиялық және саяси болып саналады; әрі осы тұрғыдан қарағанда, олар табысты да, сәтсіз де болуы мүмкін. Маркстің оқиғалар толығымен экономикалық ықпалдарға тәуелді деген пікірі қате болды. Марксистік типтегі социалистік төңкерістерді бастан өткізген елдердің өзінде Ленин, Сталин және Мао сияқты адамдар ие болған билік тек тұлғасыз күштер ғана тарихқа белгілі бір бағыт беруі мүмкін деген теорияның жалған екендігін айғақтайды. Дегенмен бүгін бірде бір тарихшының, тіпті ол философия тарихын зерттеуші болсын, саясат пен мәдениетке қатысты экономикалық факторлардың ықпалын жоққа шығаруға батылы бармас еді.

Бір жарым ғасырдан кейін өткен шаққа үңілсек, «Коммунистік Манифестің» ұсыныстарына сай, біз тек қана тирания қолданатын шала-шарпы іске асырылған өте қатаң шаралардың жиынтығына (мысалы, мұрагерлікті жою және ауылшаруашылық жұмыстарға күштеп жегу), дамыған елдер міндетті деп санайтын мекемелерге (прогрессивті салық салу және жаппай білім беру) және түрлі кезеңдер мен түрлі жерлерде бірде сәтті, бірде сәтсіз болған эксперименттерге (темір жолдары мен банктерді ұлттандыру) куә боламыз. Сәуегей ретінде танылған Маркстің және оның идеология – бұрынғы болған жағдайға қайта оралудың немесе «статус кво»-ның «түтін бүркемесі» деген тұжырымының тас-талқаны шықты. Бірақ сана өмір барысын өзгертуге қауқарсыз деген тезисті терістейтін ең нанымды дәлел – Маркстің философиясының өзі. Себебі оның ғылыми теория ретінде емес, саяси белсенділік пен саяси режимдерге жетекшілік ету үшін шабыт ретінде қарастырылатын идеяларының жүйесі – жақсы болсын, жаман болсын, өзі дүниеден өткеннен бері әлем тарихына зор әсер етті.

К. Маркс пен Ф. Энгельс философияның басты міндеті деп – жұмыс табының, барлық жұмысшылардың бостандық алуының қаруға айналуын түсінді, яғни ол коммунизм қоғамын дәріптеу арқылы жұмыс табын қатып қалған құрсау түсінігінен бостандыққа алып шығуы тиіс болды. Философия ғылым негізінде жасақтаулы тиіс, ал оған негіз болатын – барынша расталып, дәлелденген білімдер дейді Маркс теориясы. Тек объективті білім ғана әлеуметтік шындықтың тиімді түрде өзгеріске ұшырауына жағдай жасаудың мықты қаруы болуға лайық. Марксизм теориясына сай, кез-келген ақиқат немесе оның негізінде құралған теория пролетариат үшін пайдалы болады. Марксизм негізі объективті шындық пен білімді өте жоғары орынға қойып, оған ұмтылуды қатты дәріптеді. Ағартушылықтың барлығына қолжетімді болу идеясы да осыдан, себебі коммунизм идеясы адамдардың білімді болуынан зардап шекпейді.

Адамзатты мүдделері гуманизмді әрекет ету принципі ретінде танып, оның жүзеге асырылуына қисында негіз болуы тиіс еді. Эксплуататорлармен күрес капитал иелерінің саяси билігін күйретіп, оның орнына билік басына өндіріс жұмысшыларын әкелуі тиіс еді. Бұл әділеттіліктің негізі болуы қажет болатын. Маркс пен Энгельстің гуманизмі жатсынуды адамзаттың жалпыға ортақ күйі ретінде талдауынан туындады.

Маркс пен Энгельс философия тарихында алғаш рет материализмді негізге ала отырып, диалектика заңдарын жасақтап шықты, бұл заңдар шындықтың үш негізгі саласын өзара байланыстыруы тиіс болды: табиғатты, қоғамды және ойлауды. Олар барлық үнемі дамып отыратын шындықтың түпкі бірлігін ашып көрсетті. Дамудың жалпыға ортақ заңдарын ашудың арқасында философия пәнінің өзі өте динамикалық сипатқа ие болды. Бұл философия



пәнін Шеллинг немесе Гегельдегідей абстрактілі-жалпыға ортақ тілден нақты – жалпыға ортақ тілге ауыстырды. Бұл философияның тек «әлем», «адам», «теориялық-танымдық қарым-қатынастар» сияқты пәндерін ғана емес, аксиологиялық, яғни құндылықты, онтологиялық қарым-қатынастарға, сондай-ақ жалпыға ортақ философиялық әдіс туралы түсініктерге көп өзгеріс алып келді.

Маркстың философиясын жүгінсек, экономика деңгейі қаншалықты дамыған сайын, материалды қоғам да соншалықты дамыған болады. Өндірістік қатынастар қоғамның даму бағытын реттейді, себебі олар экономиканың өзара байланыстырушы элементі болып табылады. Оған қоса, олар үнемі тарихты алға ілгерілетіп отырады, қоғамды өзгерістерге ұшыратады.

Еңбектің арқасында адамның өзі де өзгереді. Ол дамиды, себебі практика қозғаушы күш ретінде өте құнды және пайдалы. Барлық жерде көрініс табатын еңбектен жатсынуды еңсеріп тастау қажет, сол кезде адам өзін жоғалған, өз орнын таппаған болып сезінбейді. Еңбек те адамның өзіне тиесілі, ол оны қанайтын таптардың меншігіне айналмауы тиіс. Адам Маркстің философиялық көзқарастарына сай диалектикалық сипаттағы дамудан өтеді: қарама-қайшылықтардың бірлігі, адамның түсінігі санның сапаға өтуі арқылы түзіліп, дамиды. Нәтижесінде барлық өндірістік қатынастар дамиды, демек, бұл қоғамның жан-жақты дамуына алып келеді.

Қорытындылай келе, Маркстың еңбектерінің философияға және жалпы ғылымға жасаған ықпалдарын бір шолып өтер болсақ, бұл:

Біріншіден, тарихи материализмнің қалыптасуы. К. Марксқа Гегельдің философиялық еңбектері көп әсер етті, атап айтқанда, объектілерді қарапайым ұғынудан бастап, өзін-өзі танудың анағұрлым жоғары, күрделі және абстрактілі ойлау үдерістеріне дейінгі күш салудың нәтижесінде адам санасының эволюциясы туралы идея. Гегельдің айтуынша, тарих осыған ұқсас диалектикалық дамумен сипатталады: адамдар бір тарихи кезеңдегі қарама-қайшылықтарды келесі кезеңде түземек болуға ұмтылады.

Маркс Гегельдің көптеген көзқарастарын құп көрді, бірақ өзін материалист санады, ал Гегель – идеалистер қатарына жатады. Гегельдің ойынша, идеялар дегеніміз – адамдардың қоршаған ортасын тануының негізгі тәсілі және адам тарихты осы кезеңнің идеяларын түсінуге сүйене отырып, ұғынады. Ал Маркс болса, белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамның ұйымдасуы – осы қоғамға қатысты іргелі бір ақиқат болып табылады деп санады. Ол тарихты таптар арасындағы қайшылықтар есебінен түрлі қоғамдардың құрылуына жетелейтін экономикалық жүйелердің реттілікпен ауысуы деп қарастырды.

Маркстың құнды идеяларының бірі – еңбекті жатсыну. Оның айтуынша, адамның өзін-өзі ұғынуының кепілі мен нәтижелі болу сезімінің басты құрамдасы – бұл еңбек. Адам еңбек ету барысында өзін құнды сезініп, осы үшін ақы алғанда, өз тіршілігінің талаптарын орындағандай болады. Маркс бойынша, еңбек дегеніміз – бірдеңені жасау бойынша жеке бастың әрекеті ғана емес, адамның жеке тұлғасының айнасы мен оның өмір сүруінің басты кепілі. Ал капитализм жағдайында, яғни жеке меншік идеясына негізделетін жүйеде еңбек етуші адам өз жұмысынан, оның нәтижесінен жатсына бастайды да, өзін-өзі құнды санаудан және еңбектен рақаттанудан құр қалады. Бұл жағдайда еңбек ләззаттану мен өзін-өзі бағалау құралынан, тек күнкөрістің көзіне айналады. Ол жеке тұлғасынан айырылып, қоғамның өзінен жатсына бастайды. Нәтижесінде ертелі-кеш бұл үдерістер капитализмнің жойылуына әкеліп соғады.

Осы жерде айта кетерлік және бір мәселе – тауарлық фетишизм.

Маркстың ойынша, адамдар әлемді тануға ұмтыла отырып, ақшаны басты орынға қоя бастайды (яғни, ақшаны табу, оны жинау, оны жарату сияқты). Ақша мен құ дүниелік заттар – фетиштерге айналып, шынайы ақиқатты түсінуге бөгет болады. Бұл жұмысшы тапқа капиталистердің өздерін қанап жатқанын ұғынуға кедергі келтіреді. Осының нәтижесінде, тауарлық фетишизм капиталистік қоғамның сақталуына кепіл болады, оның құрсауына айналады.